

*Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті*

Сақтандыру нарығының қатысушыларын қадағалау департаменті

*Қазақстан Республикасының сақтандыру секторының
2013 жылғы 1 сәуірдегі ағымдағы жағдайы*

Көлемі: 8 бет

Кесте саны: 10

График саны: 7

Кезеңділігі: ай сайын жаңаланады

2013 жыл

МАЗМҰНЫ

I. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1-кесте. Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының құрылымы

II. ҚР САҚТАНДЫРУ (ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ) ҰЙЫМДАРЫНЫҢ АКТИВТЕРІ

2-кесте. ҚР сақтандыру секторының жиынтық активтерінің құрылымы

III. ҚР САҚТАНДЫРУ (ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ) ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ КАПИТАЛЫ

3-кесте. ҚР сақтандыру секторының жиынтық міндеттемелерінің құрылымы

1-график. Активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің динамикасы

IV. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫ

4-кесте. Сақтандыру сыйлықақыларының түсімі

2-график. Сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы

5-кесте. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімі

3-график. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы

4-график. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің құрылымы

5-график. «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы

V. ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ

6-кесте. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы

6-график. Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы

VI. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІ

7-кесте. Сақтандыру төлемдерінің құрылымы

7-график. Сақтандыру төлемдерінің динамикасы

VII. САҚТАНДЫРУ (ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ) ҰЙЫМДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ РӨЛІ

8-кесте. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының кірістері мен шығыстары

9-кесте. Сақтандыру секторының макроэкономикалық көрсеткіштері

10-кесте. Сақтандыру секторының шоғырлануы

I. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1-кесте. Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының құрылымы

Сақтандыру секторының институционалдық құрылымы	1.04.12	1.04.13
Сақтандыру ұйымдарының саны	36	35
оның ішінде өмірді сақтандыру бойынша	7	7
Сақтандыру брокерлерінің саны	13	13
Актуарийлердің саны	83	87
«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушысы болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының саны	34	31

II. ҚР САҚТАНДЫРУ (ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ) ҰЙЫМДАРЫНЫҢ АКТИВТЕРІ

2013 жылғы 1 сәуірде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 483 503,9 млн. теңге болды, бұл 2013 жылғы 1 қаңтардағы ұқсас көрсеткіштен 9,2%-ға көп және 2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 17,5%-ға көп, оның ішінде:

2-кесте. ҚР сақтандыру секторының жиынтық активтерінің құрылымы

Активтер	1.04.12		1.01.13		1.04.13		Жылдың басынан бастап өсімі, %-бен
	млн. теңге	жиынтығында %-бен	млн. теңге	жиынтығында %-бен	млн. теңге	жиынтығында %-бен	
Ақша	20 392,7	5,0	11 923,2	2,7	17 268,7	3,6	44,8
Орналастырылған салымдар	96 192,8	23,4	105 220,6	23,8	117 584,8	24,3	11,8
Бағалы қағаздар	204 150,6	49,6	229 721,0	51,9	239 274,4	49,5	4,2
"Кері РЕПО" операциясы	5 393,0	1,3	3 097,1	0,7	5 257,6	1,1	69,8
Сақтанушылар мен делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	22 308,3	5,4	21 520,9	4,9	23 964,2	4,9	11,4
Негізгі қаражат	8 268,1	2,0	8 443,5	1,9	8 836,1	1,8	4,7
Қайта сақтандыру активтері	34 300,2	8,3	43 724,3	9,9	46 546,4	9,6	6,5
Өзге дебиторлық берешек	12 948,1	3,1	10 548,4	2,4	13 791,2	2,9	30,7
Басқа активтер	7 690,3	1,9	8 448,7	1,8	10 980,5	2,3	30,0
Активтердің жиынтығы	411 644,1	100	442 647,7	100	483 503,9	100	9,2

III. ҚР САҚТАНДЫРУ (ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ) ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3-кесте. Қазақстан Республикасының сақтандыру секторының жиынтық міндеттемелерінің құрылымы

Міндеттемелер	1.04.12		1.01.13		1.04.13		Жылдың басынан бастап өсімі, %-бен
	млн. теңге	жиынтығында %-бен	млн. теңге	жиынтығында %-бен	млн. теңге	жиынтығында %-бен	
Резервтер	142 998,4	81,8	174 148,4	85,8	201 833,3	85,8	15,9
Алынған қарыздар	6 053,2	3,5	4 501,6	2,2	4 568,0	1,9	1,5
Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу	14 966,2	8,6	12 125,2	6,0	15 968,1	6,8	31,7
Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысу	1 051,9	0,6	1 689,9	0,8	1 928,3	0,8	14,1


1.04.2013ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру секторының ағымдағы жағдайы

Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша төленетін шоттар	879,5	0,5	879,0	0,4	3 171,2	1,3	3,6 есе
Басқа кредиторлық берешек	2 757,9	1,6	3 421,4	1,7	3 602,7	1,5	5,3
Басқа міндеттемелер	6 037,1	3,4	6 155,0	3,1	4 242,5	1,9	-31,1
Міндеттемелердің жиынтығы	174 744,2	100,0	202 920,5	100,0	235 314,1	100,0	16,0

2013 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары міндеттемелерінің сомасы 235 314,1 млн. теңге болды, бұл 2013 жылғы 1 қаңтардағы ұқсас көрсеткіштен 16,0%-ға көп және 2012 жылғы 1 сәуірдегі көрсеткіштен 34,7%-ға көп.

Есепті күні сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрған сақтандыру резервтерінің көлемі 201 833,3 млн. теңге болды, бұл 2013 жылғы 1 қаңтарда құрылған резервтер көлемінен 15,9%-ға көп және 2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша құрылған резервтер көлемінен 41,1%-ға көп.

1-график. Активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің динамикасы (млрд. теңге)



IV. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫ

4-кесте. Сақтандыру сыйлықақыларының түсімі (сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сыйлықақылар иешеріліп көрсетілген)

Сақтандыру сыйлықақыларының түсімі	1.04.12		1.04.13		Өсімі, %-бен
	млн. теңге	жиынтығында %-бен	млн. теңге	жиынтығында %-бен	
Барлығы, оның ішінде:	51 050,9	100,0	72 010,0	100,0	41,1
Міндетті сақтандыру бойынша, оның ішінде:	7 774,1	15,2	10 432,3	14,5	34,2
көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	5 589,4	71,9	6 876,1	65,9	23,0
тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	252,6	3,2	339,7	3,2	34,5
қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру	1 570,3	20,2	2 824,3	27,1	79,9
Міндетті сақтандырудың өзге сыныптары	361,8	4,7	392,2	3,8	8,4
Ерікті жеке сақтандыру бойынша, оның ішінде:	20 610,6	40,4	33 248,0	46,2	61,3
өмірді сақтандыру	2 442,7	11,8	5 740,2	17,3	2,3 есе
аннуитеттік сақтандыру	6 906,2	33,5	16 107,8	48,4	2,3 есе
жазатайым оқиғалардан сақтандыру	3 679,3	17,9	2 837,3	8,5	-22,9
ауырған жағдайлардан сақтандыру	7 582,4	36,8	8 562,7	25,8	12,9
Ерікті мүлдіктік сақтандыру бойынша, оның ішінде:	22 666,2	44,4	28 329,7	39,3	25,0
автомобиль көлігін сақтандыру	1 133,2	5,0	1 896,1	6,7	67,3

1.04.2013ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру секторының ағымдағы жағдайы

автомобиль, әуе, теміржол, су көлігін сақтандыруды қоспағанда, мүлікті сақтандыру және жүктерді сақтандыру	13 963,9	61,6	14 585,8	51,5	4,5
автомобиль, әуе және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру	2 949,5	13,0	4 155,8	14,7	40,9
өзге қаржы шығындарынан сақтандыру	1 274,0	5,6	5 140,3	18,1	4 есе
ерікті мүліктік сақтандырудың өзге сыныптары	3 345,6	14,8	2 551,7	9,0	-23,7

2-график. Сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы (млрд. теңге)



5-кесте. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімі

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімі	1.04.12		1.04.13		Өсімі, %-бен
	млн. теңге	жиынтығында %-бен	млн. теңге	жиынтығында %-бен	
Сақтандыру салалары бойынша, барлығы	51 050,9	100,0	72 010,0	100,0	41,1
Өмірді сақтандыру	9 348,9	18,3	21 848,1	30,3	2,3 есе
Жалпы сақтандыру	41 702,0	81,7	50 161,9	69,7	20,3

* сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сыйлықақылар шегеріліп көрсетілген


3-график. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы (млрд. теңге)




«Өмірді сақтандыру» саласы. 2013 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 21 848,1 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың ұқсас күніне қарағанда 2,3 есе көп. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сыйлықақылардағы үлесі есепті күні 2012 жылғы 1 сәуірдегі 18,3%-ға қарсы 30,3% болды.

«Жалпы сақтандыру» саласы. 2013 жылғы 3 ай ішінде «жалпы сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 50 161,9 млн. теңге болды, бұл 2012 жылғы ұқсас кезеңге қарағанда 20,3%-ға көп.

4-график. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімінің құрылымы, %



5-график. «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімінің құрылымы, %



V. ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ

6-кесте. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы


Сақтандыру сыйлықақылары	1.04.12		1.04.13		Өсімі, %-бен
	млн. теңге	%-бен *	млн. теңге	%-бен *	
Барлығы қайта сақтандыруға берілді, оның ішінде:	16 209,5	31,8	18 453,8	25,6	13,8
резидент еместерге	13 314,7	26,1	15 349,2	21,3	15,3
резиденттерге	2 894,8	5,7	3 104,6	4,3	7,3
Барлығы резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданды	3 178,1	6,2	2 942,0	4,1	-7,4

* Тікелей сақтандыру шарттарына пайызбен

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 18 453,8 млн. теңге болды немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 25,6%-ын құрады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының резиденттері еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 21,3%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 5 802,1 млн. теңге болды. Бұл ретте Қазақстан Республикасының резиденттері еместерден қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 2 942,0 млн. теңге болды.

6-график. Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы, %




VI. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІ

7-кесте. Сақтандыру төлемдерінің құрылымы

Сақтандыру төлемдері	1.04.12		1.04.13		Өсімі, %-бен
	млн. теңге	жиынтығында %-бен	млн. теңге	жиынтығында %-бен	
Барлығы, оның ішінде:	12 249,0	100,0	13 178,6	100,0	7,6
Міндетті сақтандыру бойынша, оның ішінде:	3 313,4	27,1	4 521,5	34,3	36,5
көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	1 966,1	59,3	2 583,3	57,1	31,4
тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	2,2	0,1	0,3	0,0	-86,2
қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру	1 319,9	39,8	1 893,8	41,9	43,5
Міндетті сақтандырудың өзге сыныптары	25,2	0,8	44,1	1,0	74,6
Ерікті жеке сақтандыру бойынша, оның ішінде:	6 920,9	56,5	7 142,7	54,2	3,2
өмірді сақтандыру	66,2	1,0	126,9	1,8	91,7
аннуитеттік сақтандыру	4 988,3	72,1	4 028,5	56,4	-19,2
жазатайым оқиғалардан сақтандыру	94,0	1,3	105,2	1,5	11,9
ауырған жағдайлардан сақтандыру	1 772,4	25,6	2 882,1	40,3	62,6
Ерікті мүліктік сақтандыру бойынша, оның ішінде:	2 014,7	16,4	1 514,4	11,5	-24,8
автомобиль көлігін сақтандыру	356,1	17,7	541,4	35,7	52,0
автомобиль, әуе, теміржол, су көлігін сақтандыруды қоспағанда, мүлікті сақтандыру және жүктерді сақтандыру	1 094,1	54,3	400,9	26,5	-63,4
автомобиль, әуе және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру	364,5	18,1	125,7	8,3	-65,5
өзге қаржы шығындарынан сақтандыру	16,2	0,8	241,8	16,0	15 есе
ерікті мүліктік сақтандырудың өзге сыныптары	183,8	9,1	204,6	13,5	11,4

* сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сыйлықақылар шегеріліп көрсетілген

7-график. Сақтандыру төлемдерінің динамикасы (млрд. теңге)



VII. САҚТАНДЫРУ (ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ) ҰЙЫМДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ РӨЛІ

8-кесте. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының кірістері мен шығыстары

Пайда/Шығын	1.04.12		1.04.13		Өсімі, %-бен
	млн. теңге	%-бен	млн. теңге	%-бен	
Сақтандыру қызметінен түскен кірістер	32 093,9	80,7	50 812,7	90,1	58,3
Инвестициялық қызметтен түскен кірістер	7 223,4	18,2	5 318,0	9,4	-26,4
Басқа қызметтен түскен кірістер	427,8	1,1	278,4	0,5	-34,9
Кірістердің жиынтығы	39 745,1	100,0	56 409,1	100,0	41,9
Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша таза шығыстар	12 431,9	40,2	11 601,0	25,8	-6,7
Басқа шығыстар	18 459,3	59,8	33 425,0	74,2	81,1
Шығыстардың жиынтығы	30 891,2	100,0	45 026,0	100,0	45,8
Табыс салығын төлегенге дейінгі таза кіріс (шығын)	8 853,9	-	11 383,1	-	28,6
Корпоративтік табыс салығын төлеу бойынша шығыстар	1 187,1	-	1 396,8	-	17,7
Салық төлегеннен кейінгі таза пайда (шығын) жиынтығы	7 666,8	-	9 986,3	-	30,3
ROA	7,6		8,6		
ROE	13,1		16,4		

9-кесте. Сақтандыру секторының макроэкономикалық көрсеткіштері

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері	1.04.2012.	1.01.2013.	1.04.2013.
ЖІӨ, млрд. теңгемен	31 442,7	31 442,7	31 610,5
Сақтандыру сыйлықтарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,16	0,67	0,22
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,75	0,76	0,78
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,31	1,41	1,53
Сақтандыру сыйлықтарының жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	3 053,6	12 517,9	4 247,4

10-кесте. Сақтандыру секторының шоғырлануы, %

Сақтандыру нарығындағы жиынтық көрсеткіштердің үлесі, %	1.04.2012.	1.01.2013.	1.04.2013.
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	40,4	32,5	39,5
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	56,5	52,1	58,6
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	32,8	24,6	26,8
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	53,1	50,5	49,6
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	53,0	49,5	49,3
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншікті капиталы	62,9	60,8	60,3

01.01.2013ж. бастап 01.04.2013ж. дейінгі кезеңде сақтандыру нарығында сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері бойынша шоғырлану деңгейінің ұлғайғаны байқалады. 5 ірі сақтандыру компаниясының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының 39,5%-ы (ұлғаюы 7,0 пайыздық тармақ) және сақтандыру төлемдерінің 26,8%-ы (ұлғаюы 2,2 пайыздық тармақ) тиесілі болды. Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру нарығының жиынтық активтеріндегі үлесі 49,3% (ұлғаюы 0,2 пайыздық тармақ) болды.

¹ – Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің болжам деректері бойынша;

² – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 01.03.2013 ж. ҚР халқының саны 16 953 880 адам болды.